

Халің қалай, қазақ журналы?

Кезінде көп оқылған һәм әдеби ортаның белгілі бір деңгейде күші бола алған журналдар несімен құнды болды? Мәселен, «Жұлдыз», «Жалын» әдеби журналдары жабық бәйгелерімен ағатты. Кіт мықтылардың жаңа шығармаларының бәрі тек осы журналдардан оқылды. Өйткені сол басылымға мұқтаждық бар еді. Ал қазір әдебиеттің кеңістігі кеңейді. Әдебиетке жаңа келген кез келген жазарманның есімі һәм шығармасы интернет бетінде тұр. Яғни қазір әдеби журналдар ақын-жазушылардың жаңа дүниесін жариялау арқылы қажеттілік тудырып, абырой жинай алмайды.



Маржан ӘБІШ,
«Egemen Qazaqstan»

Осы факторлардың әсерінен әдеби журналдардың жаңа замандағы миссиясы жокка айналды. Демек, оқырман әдеби журналдарға не үшін жазылады деген қарапайым әрі қатұлы сұраққа да жауап жок.

Биылғы статистика бойынша елімізде 3 463 газет-журнал тіркелген екен. Оның 2 138-і – газет, 1 325-і журнал. Нақтырақ

айтсақ, 236-сы – қазақ тілінде, 459-ы орыс тілінде шығады. Бұл журналдардың 304-і Нұр-Сұлтанға тиесілі болса (6-ы қазақ, 87-сі орыс тілінде), 702-сі Алматы қаласынан (124-і қазақ, 265-і орыс тілінде) жарық көреді. Екі қаладан кейінгі көп журнал жарияланатын өңір – Түркістан облысы мен Шымкент қаласы. Онда барлығы 104 журнал басылып шығады: 41-і қазақ, 28-і орыс тілінде. Ал елімізде қазақ-орыс тілінде барлығы – 397, үш тілде шығатын 233 журнал бар.

Тарихқа үнілсек, талантты ақын-жазушылардың шоғырын қалыптастырып, тіпті әдеби ағымдар тудырған журналдар болды. Яғни кез келген журнал әдеби сөзді, әдеби көзқарасты, мінез-құлықты қалыптастыра алатындай дәрежеде болуы керек дейміз. Һәм республикалық немесе облыстық журналдар сол өңірдегі әдеби ортаның ұйытқысы болуы екібастан. Бұлай болмаған жағдайда оның бәрі, тек қағазға басылған қара жазудың деңгейінде қала бермек. Ешкім оқымайды, һәм ешкім іздемейді.

2000 жылдардың басында жеке газет шығарушылар белең алды. «Шетел әдебиеті», «Кентавр» деген газеттер аз уақыт қана жарияланып, кейін қаржылық жағдайға байланысты тоқтады.

(Соңы 11-бетте)